

Салық төлеушінің ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісім жасасу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 202 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 26 мамырда № 32589 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 202 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.09.2025 № 339 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 411-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Салық төлеушінің ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісім жасасу қағидалары бекітілсін.

2. "Салық төлеушінің шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұзақ сақталатын ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісім жасасуы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 138 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22611 болып тіркелген) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Аграрлық азық-түлік нарықтары және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 24 мамырдағы
№ 202 бұйрығымен
бекітілген

Салық төлеушінің ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісім жасасу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Салық төлеушінің ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісім жасасуы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 411-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және салық төлеушінің ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісім жасасуы тәртібін айқындайды.

2. Ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісім (бұдан әрі – келісім) салық төлеушінің бастамасы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы

саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) мен салық төлеуші арасында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша жасалады.

3. Келісім қосылған құн салығының қосымша сомасын есепке жатқызуға салық төлеушінің заңды мүмкіндігін іске асыру үшін негіз болып табылады.

4. Келісімде:

1) келісімнің қолданылу кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының азаматтары үшін қолда бар жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру;

2) ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндірісінің көлемін ұлғайту;

3) кондитерлік индустрияға инвестициялар тарту жөніндегі көрсеткіштер бекітіліп беріледі.

Келісімнің көрсеткіштерін қол жеткізу бөлігіндегі шарттарын орындамау немесе тиісінше орындамау келісімді елеулі бұзу болып танылады

2-тарау. Келісім жасасудың тәртібі мен шарттары

5. Келісім жасасу үшін салық төлеуші жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісім жасасуға арналған өтінім (бұдан әрі – өтінім) береді.

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) келісім жобасы;

2) салық төлеушінің құрылтай құжаттарының көшірмелері;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы;

4) салық төлеушінің қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлігінің көшірмесі;

5) салық төлеушінің соңғы екі жыл ішіндегі, ал егер кәсіпорын екі жылдан кем жұмыс істесе, өтінім берудің алдындағы қызметінің барлық кезеңіндегі өз өндірісінің көлемін жазбаша растауы;

6) алдағы жылдарға арналған өндіріске инвестициялар жоспар.

6. Өтінім және өтінімге қоса берілетін құжаттар 2 (екі) данада ұсынылады, олар нөмірленеді, тігіледі және салық төлеуші басшысының қолымен расталады.

Жергілікті атқарушы орган салық төлеушінің өтінімін нөмірленетін, тігілетін және жергілікті атқарушы органның мөрімен бекітілетін осы Қағидалардың 3-қосымшасындағы нысанға сәйкес салық төлеушіні тіркеу журналына тіркейді.

7. Жергілікті атқарушы орган өтінімді алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын қарайды және тексереді. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасы

ұсынылмаған жағдайда, қайтару себептерін көрсете отырып, өтініш берушіні жазбаша түрде хабардар етеді.

Қайтару себептері жойылғаннан кейін өтінім беруші өтінімді жергілікті атқарушы органға қайта енгізеді.

8. Жергілікті атқарушы орган өтінім берушіден құжаттардың толық топтамасымен бірге өтінімді алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтінімді және өтінімге қоса берілген құжаттарды қарайды және келісім жасасу туралы не келісім жасасудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Келісім жасасудан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін жергілікті атқарушы орган келісім жасасудың мүмкін себептерін негіздей отырып, келісім жасасудан бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша салық төлеушіге позициясын білдіру үшін тыңдауды өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы салық төлеушіні хабардар етеді.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдауды өткізу нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган келісім жасасу туралы шешім қабылдайды, не келісім жасасудың мүмкін болмау себептерін негіздей отырып, салық төлеушіге келісім жасасудан бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

9. Өтінімді және өтінімге қоса берілген құжаттарды қарау қорытындылары бойынша өтінімді қарау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінім берушімен келісім жасалады.

10. Келісім мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада, келісім тараптарының әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалады, бір данасы мемлекеттік кірістер органына ұсынуы үшін салық төлеушіге беріледі.

Жасалған келісімдерді тіркеуді және есепке алуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

11. Жасалған келісім мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, жергілікті атқарушы орган келісім бұзылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы салық төлеушінің тіркелген жері бойынша мемлекеттік кірістер органына тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлайды.

12. Келісім жасасу мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органның шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану ҚР ӘРПК 91-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Салық төлеушінің ұзақ
сақталатын шоколад, қантты
кондитерлік өнімдер, печенье
және ұннан жасалған
кондитерлік өнімдер өндіру

туралы келісім жасасуы
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы үлгілік келісім

_____ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың атауы көрсетіледі)

_____ (күні, айы, жылы)

Бұдан әрі "Жергілікті атқарушы орган" деп аталатын _____

_____ облысының (қаласының) _____

_____ басқармасының атынан _____

_____ негізінде әрекет ететін _____

_____ (өкілеттігін растайтын құжат)

_____ (басшының немесе оның міндетін атқарушы адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

бір тараптан және бұдан әрі "Салық төлеуші" деп аталатын _____

_____ (Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының атауы)

_____ атынан _____ негізінде әрекет ететін (өкілеттігін растайтын құжат)

_____, (бірінші басшының немесе өзге уәкілетті адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, төмендегілер туралы осы Ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісімді (бұдан әрі – келісім) жасасты.

1-тарау. Келісімнің нысанасы

1. Осы келісімнің нысанасы Салық төлеушінің ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру саласын дамытуға бағытталған міндеттемелерді қабылдауы, Салық төлеушінің Жергілікті атқарушы органға тиісті есептерді дайындауы және беруі, Жергілікті атқарушы органның Салық төлеушінің міндеттемелерінің орындалуы туралы есептер мен ақпарат алуы болып табылады.

2. Осы келісім "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Кодекс) 411-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Кодекстің 411-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін Салық төлеушінің ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісім жасасуы қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жасалды.

2-тарау. Тараптардың міндеттері мен құқықтары

3. Салық төлеуші келісімнің қолданылуы кезеңінде:

1) Қазақстан Республикасының аумағында шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру саласында Қазақстан Республикасының азаматтары үшін қолда бар жұмыс орындарын сақтауға және (немесе) _____ мөлшерде жаңа жұмыс орындарын құруға;

2) ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндірісінің көлемін _____ мөлшерде ұлғайтуға;

3) кондитерлік индустрияға инвестициялар тартуға;

4) жыл сайын есепті жылдан кейінгі айдың бесінші күніне дейінгі мерзімде Жергілікті атқарушы органға басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолы қойылған, осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген міндеттемелердің орындалуы туралы жазбаша есепті беруге;

5) Жергілікті атқарушы органның сұранымдарды бойынша белгіленген мерзімде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген міндеттемелердің орындалуын растау үшін барлық қажетті құжаттарды беруге міндеттенеді.

4. Жергілікті атқарушы орган:

1) көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды көздейтін тиісті қосымша келісім жасаспай, осы келісімнің шарттарын біржақты тәртіппен өзгертпеуге;

2) Салық төлеушінің осы келісімнің 3-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін қарауға;

3) келісімнің іске асырылуына мониторинг жүргізуге міндеттенеді.

5. Салық төлеуші:

1) қосылған құн салығын есепке жатқызуға заңдық мүмкіндікті іске асыру үшін мемлекеттік кіріс органына жүгінуге;

2) өзіне алған міндеттемелерді іске асыру үшін осы келісімнің шарттарына қайшы келмейтін кез келген іс-қимылдарды қолдануға;

3) Жергілікті атқарушы органды алдын ала хабардар ете отырып, осы келісімді мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

6. Жергілікті атқарушы орган:

1) Салық төлеушіден келісімді орындау бойынша қажетті ақпаратты сұратуға;

2) тиісті қосымша келісім жасасу арқылы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;

3) осы келісімде көзделген негіздер бойынша осы келісімді сот тәртібімен мерзімінен бұрын бұзуға бастамашылық жасауға құқылы.

3-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

7. Келісімді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

8. Егер, қандай да бір міндеттемелерді орындамау немесе орындау кезіндегі кідіріс еңсерілмейтін күш мән-жайларынан туындаса, тараптардың ешқайсысы келісім бойынша мұндай бір міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапты болмайды.

9. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына әскери қақтығыстар, табиғи апаттар, төтенше жағдайлар кезінде мемлекеттік органдар қабылдайтын шектеу шаралары, дүлей апаттар (өрт, ірі авариялар, коммуникациялардың бұзылуы және сол сияқты өзге де мән-жайлар) және өзге де төтенше және тойтаруға келмейтін оқиғалар жатады.

Бұл ретте еңсерілмейтін күш мән-жайларының сипаты, әрекет ету кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталады.

10. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының кесірінен келісімнің шарттары бұзылған жағдайда, Тараптар қалыптасқан жағдайды реттеудің ықтимал тәсілдері туралы ұсыныстар енгізеді.

11. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде зардап шеккен Тарап олар туындаған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде оқиғаның басталу

күнін көрсете және еңсерілмейтін күш мән-жайларын сипаттай отырып, жазбаша хабарлама тапсыру арқылы бұл туралы басқа тараптарды хабардар етеді.

12. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар қалыптасқан жағдайдың шешімін іздеу үшін дереу келіссөздер жүргізеді және осындай жағдайлардың салдарын барынша азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

5-тарау. Құпиялылық

13. Тараптар осы келісімді іске асыру жөніндегі жұмысқа қатысты барлық құжаттар, ақпарат және есептер бойынша құпиялылық шарттарын оның қолданылу мерзімі ішінде сақтайды.

14. Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптың жазбаша келісімін алмай, келісімнің мазмұнына қатысты ақпаратты немесе осы келісімнің ережелерін іске асыруға байланысты өзге де құпия ақпаратты ашуға құқығы жоқ, бұған мынадай жағдайлар кірмейді:

1) ақпарат сот талқылауы барысында пайдаланылады;

2) ақпарат келісім бойынша Тараптардың бірі қызмет көрсететін үшінші тұлғаларға осындай үшінші тұлға осындай ақпараттың құпиялылық шарттарын сақтау және оны Тараптар белгілеген мақсаттарда және Тараптар айқындаған мерзімде ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда беріледі;

3) ақпарат банкке немесе келісім бойынша Тарап қаражат алатын өзге қаржы ұйымына осындай банк немесе қаржы ұйымы осындай ақпараттың құпиялылық талаптарын сақтау міндеттемесін өзіне алған жағдайда беріледі;

4) ақпарат кез келген, оның ішінде Салық төлеушінің кез келген банк шоттарына жататын, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жердегі шетелдік банктерде ашылған, банк құпиясы болып табылатын ақпаратқа рұқсаты бар Қазақстан Республикасының салық немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарына беріледі.

6-тарау. Дауларды реттеу

15. Осы келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы кез келген дау консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

16. Реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

7-тарау. Келісімді бұзу тәртібі

17. Осы келісім мынадай жағдайларда бұзылуы мүмкін:

1) Тараптардың келісімі бойынша;

2) Жергілікті атқарушы органды алдын ала хабардар ете отырып, Салық төлеушінің бастамасы бойынша;

3) Салық төлеуші осы келісімнің 3-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген міндеттемелердің кез келгенін бұзған кезде;

4) Салық төлеушінің осы келісімді жасасу кезінде дұрыс емес ақпарат беруі фактісі анықталған кезде;

5) Салық төлеуші осы келісімнің 3-тармағы 4) тармақшасында көрсетілген мерзімде Жергілікті атқарушы органның талап етуі бойынша есепті ұсынбаған кезде сот тәртібімен;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

18. Салық төлеушінің бастамасы бойынша осы келісім Жергілікті атқарушы органға алдын ала хабарлама жіберіле отырып, бұзылуы тиіс.

19. Салық төлеуші келісімді бұзу себептерін негіздей отырып, бұзу күніне дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын келісімді бұзу туралы хабарламаны Жергілікті атқарушы органға береді.

20. Жергілікті атқарушы орган 5 жұмыс күні ішінде Салық төлеушінің келісімді бұзу туралы хабарламасын қарайды және 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзу туралы тиісті қосымша келісім дайындайды.

21. Жергілікті атқарушы орган Салық төлеушінің осы келісімнің 3-тармағы 1) , 2) және 3) тармақшаларында көзделген міндеттемелердің кез келгенін бұзуы фактілерін анықтаған жағдайда, сондай-ақ Салық төлеуші осы келісімнің 3-тармағы 4) тармақшасында көрсетілген мерзімде есепті ұсынбаған кезде, Жергілікті атқарушы орган Салық төлеушіге анықталған бұзушылықтарды көрсете отырып, бұзушылықтарды жою қажеттігі туралы жазбаша нысанда хабарлама жібереді.

Салық төлеуші бұзушылықтарды жоюды хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Бұзушылықтар жойылмаған немесе тиісінше жойылмаған жағдайда, Жергілікті атқарушы орган осы келісімді бұзу туралы талаппен сотқа жүгінеді.

22. Осы келісімді жасасу кезінде Салық төлеушінің дұрыс емес ақпарат беру фактісін анықтаған жағдайда, Жергілікті атқарушы орган өздігінен осындай факт туралы белгілі болған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, осы келісімді бұзу туралы талаппен сотқа жүгінеді.

8-тарау. Келісімді тоқтату тәртібі

23. Келісімнің қолданысы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) осы келісімнің 24-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін;

2) келісім мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда.

9-тарау. Қорытынды ережелер

24. Осы келісім _____ жылғы "___" _____ дейін жасалады.

25. Осы келісім барлық Тараптардың уәкілетті өкілдері келісімге қол қойған сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

26. _____ жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы бірдей заңды күші бар _____ тілдерінде үш данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан және Салық төлеушінің мемлекеттік кірістер органына беруі үшін бір данадан жасалды. Осы келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда, Тараптар __ тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Жергілікті атқарушы орган

_____ Салық төлеуші _____

Салық төлеушінің ұзақ
сақталатын шоколад, қантты
кондитерлік өнімдер, печенье
және ұннан жасалған
кондитерлік өнімдер өндіру
туралы келісім жасасуы
қағидаларына
2-қосымша

Нысан

(кімге): _____

(ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын облыстың , республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесінің толық атауы)

(кімнен) _____

(заңды тұлғаның толық атауы)

Өтінім берген сәтте мемлекеттік кірістер органдарында өтінім берушінің тіркеу есебінің орны _____

Салық төлеушінің ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісім жасасуға арналған өтінім

_____ және _____ жылдар аралығына қосылған құн салығының қосымша сомасын есепке жатқызу мақсатында ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру туралы келісім жасасуды сұраймын.

1. Заңды тұлға деректері:

атауы _____

қызмет түрі (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптаушы бойынша код) _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі _____

мекенжайы: _____

телефон нөмірі (факс): _____

2. Ұйымның екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотының мәліметтері
БСН _____

бенефициар коды _____

банк деректемелері: _____

банктің атауы: _____

банктік сәйкестендіру коды _____

жеке сәйкестендіру коды _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Басшы _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Күні: 202_ жылғы "___" _____

Салық төлеушінің ұзақ
сақталатын шоколад, қантты
кондитерлік өнімдер, печенье
және ұннан жасалған
кондитерлік өнімдер өндіру
туралы келісім жасасуы
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Салық төлеушіні тіркеу журналы

№ р/с	Заңды тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі	Тіркеу күні	Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы
1	2	3	4

